

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, соның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы № 104 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 карашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін қолданысқа енгізу рәсімін орындауды осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 ай ішінде қамтамасыз ету сұралсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 26 маусымдағы
№ 104 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, соның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамаларын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін "жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" ұғымы ақпараттық объектіні жалпы процесс рәсімдерін орындаудың белгілі бір сатысында сипаттайтын және жалпы процестің операцияларын орындау кезінде өзгертін қасиетті білдіреді.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жоғары жиілікті құрылғылар" және "радиоэлектрондық құралдар" ұғымдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік

аумағына азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды, оның ішінде кіріктірілгендерін не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерін әкелу туралы ережеде (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 15 қосымша) айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.LL.02, нұсқа 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және оны уәкілетті органдар мен бүкіл мүдделі тұлғалардың пайдалануын қамтамасыз ету есебінен радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды әкелу кезінде жүзеге асырылатын мемлекеттік бақылаумен байланысты әкімшілік рәсімдердің орындалуын жеделдету болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) шеңберінде Одақтың кедендік аумағына оларды әкелу кезінде лицензияны немесе қорытындыны (рұқсат ету құжатын) ұсыну талап етілмейтін радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылар, оның ішінде кіріктірілгендері не басқа тауарлардың құрамына кіретіндері туралы мәліметтерді қамтитын тізілімді (бұдан әрі – РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімі) құру;

б) мүдделі тұлғалардың Одақтың ақпараттық порталында РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, уәкілетті органдар) РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді автоматты түрде ұсынуын, сондай-ақ РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастауды қамтамасыз ету;

г) уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында интеграцияланған жүйе арқылы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді автоматты түрде ұсынуды қамтамасыз ету;

д) жалпы процеске қатысушылардың бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және жариялауды қамтамасыз ету үшін жауап беретін құрылымдық бөлімшесі; РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізуге немесе РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қамтитын ұсыныстарды беретін уәкілетті органдардан түскен ұсыныстарды қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады; сұрату бойынша РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды береді; РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстар бойынша шешімдерді қабылдау мен өндеуді жүзеге асырады; Одақтың ақпараттық порталында РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне қолжетімділікті қамтамасыз етеді

P.LL.02.ACT.001	ұсыныс беруші уәкілетті орган	мүше мемлекеттің байланыс саласындағы мемлекеттік органы; РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізуге немесе РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қамтитын ұсыныстарды қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды қамтамасыз етеді
P.LL.02.ACT.002	мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган	мүше мемлекеттің байланыс саласындағы мемлекеттік органы; РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды, сондай-ақ РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді сұратады
P.LL.02.ACT.003	ұсынысты қараушы уәкілетті орган	мүше мемлекеттің байланыс саласындағы мемлекеттік органы; РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстар бойынша шешімдерді жібереді
P.LL.02.ACT.004	мүдделі тұлға	сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алынатын мәліметтерді өз қызметінде пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алынатын мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдері;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алынатын мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде ұсыныстар беруші уәкілетті органдардан алынған, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу немесе РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсыныстардың негізінде РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мәліметтерді сұратушы уәкілетті органдарға және мүдделі тұлғаларға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру кезінде РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай жалпы процесс рәсімдері орындалады:

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға ұсыну.

Мәліметтерді сұратушы уәкілетті органдарға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну кезінде РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай жалпы процесс рәсімдері орындалады:


РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну кезінде РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың нақтыланған сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема және оларды орындау тәртібі келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалану арқылы жасалған және мәтіндік сипаттаумен жабдықталған.

4. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу немесе РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты Комиссия алған кезден басталады.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде ұсыныс берген уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты немесе РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қалыптастырады және Комиссияға береді.

Аталған мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы № 104 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 26 маусымдағы № 104 шешімімен бекітілген "" Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге рұқсат етілген радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың, оның ішінде кіріктірілгендерінің не басқа тауарлардың құрамына кіретіндерінің бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.


Ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты Комиссияға берген кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімі орындалады.

Ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты Комиссияға берген кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімі орындалады.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды келісу үшін мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган Комиссияда сақталатын ұсыныстар туралы мәліметтерді күн сайын сұратады. Сұратуды жүзеге асыру кезінде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімі орындалады.

Ұсынысты қараушы уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға ұсынған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.004) рәсімі орындалады.

16. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.02.PRC.001	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсім ұсыныс беруші уәкілетті органның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды Комиссияға беруіне арналған
P.LL.02.PRC.002	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну	рәсім ұсыныс беруші уәкілетті органның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алып тастау туралы ұсыныстарды Комиссияға беруіне арналған

P.LL.02.PRC.003	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату	рәсім РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды Комиссияның мәліметтерді сұратушы уәкілетті органға беруіне арналған
P.LL.02.PRC.004	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға ұсыну	рәсім ұсынысты қараушы уәкілетті органның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға ұсынуына арналған

5. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдерінің тобы

18. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдері мәліметтерді сұратушы уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрату алынған кезде орындалады.

Мәліметтерді сұратушы уәкілетті органдарға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мәліметтерді сұратушы уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұратулардың мынадай түрлері өңделеді:

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату;

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату;
РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді сұрату.


РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұратуды мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын , радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылатын және Комиссияда сақталатын мәліметтермен үйлесімді ету қажеттігін бағалау мақсатында мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган орындайды. Сұратуды жүзеге асыру кезінде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.LL.02.PRC.005) рәсімі орындалады.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату кезінде сұратуда көрсетілген кезден бастап осы сұрату орындалған кезге дейін РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне қосылған немесе одан алып тасталған мәліметтер ұсынылады. Сұратуды жүзеге асыру кезінде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу" (P.LL.02.PRC.006) рәсімі орындалады.

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді сұрату мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы Комиссияда сақталатын

мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтер не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып), не белгілі бір күндегі жағдай бойынша сұратылады. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді толық көлемде сұрату мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процестің жаңа қатысушысын қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұратуды жүзеге асыру кезінде " РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу" (P.LL.02.PRC.007) рәсімі орындалады.

19. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді уәкілетті органдарға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.LL.02.PRC.005	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жанарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу	рәсім мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылатын мәліметтермен үйлесімді ету қажеттігін мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның бағалауына арналған
P.LL.02.PRC.006	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу	рәсім мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде сақталатын, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізілген радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылатын мәліметтермен үйлесімді етуге арналған
P.LL.02.PRC.007	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу	рәсім РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған

6. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобы

21. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдалану кезінде пайдаланушы браузердің терезесінде РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді іздеу және (немесе) түсіру параметрлерін енгізеді, браузердің терезесінде ұсынылған, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алынатын ақпаратпен жұмыс жасайды.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

22. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.02.PRC.008	Одақтың ақпараттық порталы арқылы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталы арқылы осы порталдың веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.02.BEN.001	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімі	радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай ақпараттық ресурс
P.LL.02.BEN.002		радиоэлектрондық құралды немесе жоғары жиілікті құрылғыны РЭҚ және ЖЖҚ

	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс	бірыңғай тізіліміне енгізу туралы ұсыныс
--	--	--

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

18. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодтық белгіленімі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	елдер атауларының тізбесін және соларға тиісті кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 Шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.009	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының № 20 Ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	тілдер атауларының тізбесін және ISO 639-1 стандартына сәйкес олардың кодтарын қамтиды

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу" рәсімдері

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімі

27. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

28. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімі ұсыныс беруші уәкілетті органда РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді енгізу қажеттігі туындаған кезде орындалады.

29. Бірінші болып "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты беру" (P.LL.02.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты қалыптастырады және Комиссияға береді.

30. Комиссия РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша аталған ұсынысты қабылдау және

өндеу жүзеге асырылады. Ұсыныс беруші уәкілетті органға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтер ұсынылады.

31. Ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді алу" (P.LL.02.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша аталған мәліметтерді қабылдау және өндеу жүзеге асырылады.

32. РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты Комиссияның өндеуі "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

33. Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.02.OPR.001	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты беру	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.002	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдау және өндеу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.003	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді алу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

8-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты беру" (P.LL.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.001
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты беру

3	Орындаушы	ұсыныс беруші уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу қажеттігі туындаған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты қалыптастырады және Комиссияға береді
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу үшін ұсыныс Комиссияға берілді

9-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.002) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.002
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты беру"(P.LL.02.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің)

		деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, аталған ұсынысты тіркейді және ұсыныс беруші уәкілетті органға оны тіркеу туралы мәліметтерді ұсынады
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер өңделді, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтер ұсыныс беруші уәкілетті органға берілді

10-кесте


"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді алу" (P.LL.02.OPR.003) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.003
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді алу
3	Орындаушы	ұсыныс беруші уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы

		ұсынысты тіркеу туралы мәліметтерді қабылдауды және өндеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсынысты тіркеу туралы мәліметтер өңделді

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімі

34. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

35. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімі ұсыныс беруші уәкілетті органда РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен радиоэлектрондық құралдар немесе жоғары жиілікті құрылғылар туралы мәліметтерді алып тастау қажеттігі туындаған кезде орындалады.

36. Бірінші болып "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты беру" (P.LL.02.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай

тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты қалыптастырады және Комиссияға береді.

37. Комиссия РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша аталған ұсынысты қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады. Ұсыныс беруші уәкілетті органға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі.

38. Ұсыныс беруші уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.LL.02.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша аталған хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

39. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.005) операциясы орындалғаннан кейін "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жариялау" (P.LL.02.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жариялау жүзеге асырылады.

40. Комиссияның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастауы, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімі мәліметтерінің жаңартылуы және Одақтың ақпараттық порталында РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімін жариялау "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

41. Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді Комиссияға ұсыну" (P.LL.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.LL.02.OPR.004	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты беру	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.005	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.006	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.007	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты беру" (P.LL.02.OPR.004) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.004
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты беру
3	Орындаушы	ұсыныс беруші уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау қажеттігі туындаған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсыныс Комиссияға берілді

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.005) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.005
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты беру" (P.LL.02.OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады және ұсыныс беруші уәкілетті органға РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер өңделді, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама ұсыныс беруші уәкілетті органға жіберілді

14-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.LL.02.OPR.006) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.006
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	ұсыныс беруші уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді

15-кесте


"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жариялау" (P.LL.02.OPR.007) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.007

2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау және Одақтың ақпараттық порталында жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қамтитын ұсынысты өндегеннен кейін орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы ұсынысты қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастайды және Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімі

42. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

43. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімі мәліметтерді сұратушы уәкілетті органда белгіленген кезенділікпен, бірақ тәулігіне бір реттен сиретпей орындалады.

44. Бірінші болып "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.ОРР.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды алуға арналған сұратуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

45. Комиссия РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізілімінен мәліметтер сұратуды алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беру" (P.LL.02.ОРР.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша сұратылатын мәліметтер қалыптастырылады және мәліметтерді сұратушы уәкілетті органға ұсынылады немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

46. Мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы

хабарламаны алған кезде "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды қабылдау және өңдеу" (P.LL.02.OPR.010) операциясы орындалады.

47. Мәліметтерді сұратушы уәкілетті органның РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды өңдеуі "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

39. Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

Жалпы процестің "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.LL.02.OPR.008	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.009	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беру	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.LL.02.OPR.010	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген

17-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.OPR.008) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.008
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату
3	Орындаушы	мәліметтерді сұратушы уәкілеттіорган
4	Орындау шарттары	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды алдыңғы

		беру кезінен бастап әрбір күні орындалады
5	Шектеулер	сұратудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беруге арналған сұратуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беруге арналған сұрату Комиссияға жіберілді

18-кесте

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беру" (P.LL.02.OPR.009) операциясының сипаттамасы

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.009
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беру
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беруге арналған сұратуды алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды сұрату" (P.LL.02.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс.
		орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұратуды қабылдауды және

6	Операцияның сипаттамасы	өндеуді жүзеге асырады, РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды қалыптастырады және мәліметтерді сұратушы уәкілетті органға береді. Мәліметтер болмаған кезде мәліметтерді сұратушы уәкілетті органға сұратылған мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі
7	Нәтижелер	ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстар немесе мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама мәліметтерді сұратушы уәкілетті органға берілді

19-кесте


"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды қабылдау және өндеу" (P.LL.02.OPR.010) операциясының сипаттамасы

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.LL.02.OPR.010
2	Операцияның атауы	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды қабылдау және өндеу
3	Орындаушы	мәліметтерді сұратушы уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды не мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды беру" (P.LL.02.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстарды не мәліметтердің жоқ екендігі туралы

		хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныстар не мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама өңделді

"РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға беру" (P.LL.02.PRC.004) рәсімі

49. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға беру" (P.LL.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 8-суретте ұсынылған.



8-сурет. "РЭҚ және ЖЖҚ бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы ұсыныс бойынша шешімді Комиссияға беру" (P.LL.02.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

